

Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде «Балалар үшін бірігейік» жасөспірімдердің психологиялық денсаулығының алдын алу мақсатында жүргізілген сынып жетекшілерді, пән мұғалімдерін акпараттандыру дәрісінің анықтамасы

Өткізілген мерзімі: 27.09.2023 жыл

Өткізілген орны: Акт зал


Қатысқандар: 5-11 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері - 146

2023 жылдың қыркүйек айының 27-і күні мектеп педагог-психологі Р.Абдукаримова мектебіміздің 5-11 сынып жетекшілеріне **«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»** бағдарламасын іске асыру негізінде оқыту дәрісін жүргізді. Дәріс барысында жиналыстың мақсатын айтып, жиналыстың өзектілігіне тоқталып өтті. ҚР Оқу -ағарту министрлігінің 25.08.2022 жылғы «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығын таныстырып, **педагог-психолог қызметіндегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілердің міндеттеріне тоқталды.** Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылында Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы» негізінде ұсынған іс-шара жоспарымен таныстырылды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты: білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық саулығын қолдау. Осы мақсатта «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. 2023-2024 оқу жылында бағдарлама негізінде өткізілетін 3 іс-шара (компонент) көмегімен психикалық денсаулықты жақсартуға және оқушылардағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды жүргізілетіндігін айтты. Әр компонент бойынша мектеп психологтары сынып жетекші, әлеуметтік педагог, тәрбие бөлімі, мектеп инспекторы және мектеп аяжанымен бірлесе жұмыс жүргізеді. Алгоритмге сәйкес жұмыс сынып жетекшілеріне оқыту дәрісін жүргізу. Себебі олар балалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды және оқу жылы бойына олармен көп уақыт өткізеді. Олардың рөлі маңызды, себебі олар балалардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, эмоцияларын, қарым-қатынастарын бақылай алады және дер кезінде көмекті, қолдауды көрсете алады.

Дәріс барысында психологиялық қолдау тобын анықтаудағы сынып жетекшілердің әрекетіне тоқталды: кабинеттік талдау алгоритмі бойынша **Сынып жетекшінің талдауы** (Оқушылардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларын талдау: instagram, VK, facebook, tik-tok, twitter; оқуда, тәртібінде өзгерулерді бақылау). Сонымен қатар сынып жетекшілерге кеңестер берілді. «Егер сіз баланың көңіл-күйі жоқ, бойында ешқандай қызығушылықтың нышаны байқалмаса, сабақ үлгірімі төмендеп, көзінен үмітсіздік байқасаңыз дереу әрекетке көшіңіз. Оған маман тарапынан көмек көрсетілем дегенше оған қамқор болыңыз. Әңгімелесуге, оның мәселесін шешуге болатынына, тіпті арнайы мамандардың қызметтерін білетініңізді айтыңыз. Дұрыс сұрақтар қоя біліңіз. Өмір сүрудің керемет жақтарын айтып, оның өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасаңыз. Егер мұғалім тәуекел топтағы оқушыны анықтасаңыз, оған көмек көрсетуден бас тартпаңыз. Сіз оның

өмірін сақтап қалуыңыз әбден мүмкін», деп сөзін аяқтады. Дәріс барысында сынып жетекшілер психикалық денсаулық туралы мағлұматтар айтып, бағдарламаның маңыздылығы мен өзектілігін еске түсірді. Сонымен қатар жадынама таратылды. Сынып жетекшілерге оқытылған дәріс бойынша сұрақтар қойылып, кері байланыс орнатылды.

Мектеп психологы



Р.Абдукаримова